

**6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстан Республикасының тұрғындарын отандық өндірістегі дәрілік препараттармен тиімді қамтамасыз етуді жетілдіру» атты тақырыбы бойынша Рауан Еркебаевна Ботабаеваның докторлық диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші, фарм.ғ.д. профессор Клара Жолбарысовна Шертаеваның**

### **ШКІРІ**

Қазіргі таңда денсаулық сақтаудың маңызды міндеттерінің бірі - халықты қауіпсіз, тиімді және қолжетімді дәрілік заттармен қамтамасыз ету болып табылады.

Жоғарыда аталған мәселені негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев Үкіметтің алдына Ұлттық фармацевтиканың өндірушілер есебінен дәрілік препараттармен ішкі тұтынуды қамтамасыз етуді мақсат етіп қойды. 2016 – 2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы 2010 жылғы «Фармацевтикалық өнеркәсіпті дамыту» бағдарламасының жалғасы ретінде бекітілді. Аталған бағдарламаның негізгі бағыттарының бірі денсаулық сақтау жүйесін дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етудің Ұлттық саясатын жүзеге асыруға бағытталған.

Осыған байланысты фармацевтикалық нарықтағы отандық дәрілік препараттардың негізгі даму қарқынын талдау өзекті болып қалуда. Фармацевтика саласын басқару кезіндегі, яғни дәрілік заттармен халықты қамтамасыз етудегі жедел шешім қабылдау, әдетте, дәрілік препараттар нарығында қалыптасқан жағдайды маркетингтік талдауға негізделеді.

Ізденуші Ботабаева Р. Е. «Қазақстан Республикасының тұрғындарын отандық өндірістегі дәрілік препараттармен тиімді қамтамасыз етуді жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысында Қазақстан Республикасындағы фармацевтикалық өндірістің тұрақты дамуы үшін аталған үдерістерді маркетингтік зерттеу негізінде және оны мемлекеттік қолдау үшін басқарудың жаңа тиімді әдістерін жасауды қамтамасыз ету мәселелері қаралған.

Ботабаева Р. Е. диссертациялық жұмысы негізінде Қазақстан Республикасының отандық дәрі-дәрмектерін тұтыну мүмкіндігін кеңейту барысында жасалған әдістемелік нұсқаулары «Фармация» мамандығы студенттерінің, магистранттарының және PhD докторанттарының жаңа дәрілік препараттарды отандық фармацевтикалық нарыққа өткізу және ілгерілету стратегиясын құруға, оны меңгеруіне арналған. Әдістемелік нұсқауларда диверсификация сипаттамасы заманауи тұрғыда баян етілген, өндірістің диверсификация эволюциясы егжей-тегжейлі түсіндірілген. Жаңа өнімді



нарыққа шығару мақсатында ұсынылған жобаның жетістігі үшін маңызды болып табылатын 9 кезеңмен тығыз байланыста болуы қажет екендігіне назар аударылып, маркетингтік жоспар көрсетілген. Нарықтың бағдарланған өлшемдері және қарастырылып отырған нарықтың әлеуеті анықталып, ғылыми-әдістемелік негіздеу бойынша әдістемелік нұсқаулары әзірленген.


Ізденуші Ботабаева Р. Е. зерттеу нәтижелері мақала мен тезис түрінде отандық және шетел ғылыми баспаларында, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында және Thomson Reuters пен Scopus мәліметтерінің халықаралық базасына кіретін рецензияланатын ғылыми баспаларында жарық көрген.

Зерттеудің барлық маңызды аспектілерін жан-жақты талқылап шешу үшін ізденуші Ботабаева Р. Е. интеллектуалдық деңгейі мен теориялық біліктілігі, оңтайлы амалдарды шеберлікпен қолдана білуі алға қойылған міндеттерге қолжеткізуде өз септігін тигізді.

Ізденуші Ботабаева Р. Е. зерттеудің алдына қойған мақсат пен міндеттерді оңтайлы орындап шықты.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, Ботабаева Р. Е. диссертациялық жұмысы өзіндік бірегей ғылыми зерттеу болып саналады және қойылған мақсат, міндеттер, зерттеу көлемі мен әдістері, ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік өзектілігі 6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін іздену диссертациясына қойылатын талаптарға сай келетін білікті ғылыми еңбек ретінде көрініс табады.

**Оңтүстік Қазақстан  
мемлекеттік фармацевтика  
академиясының  
Фармация ісін ұйымдастыру  
және басқару кафедрасының  
меңгерушісі, профессор, фармация  
ғылымдарының докторы**



**Шертаева К. Д.**